

Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 қаңтар N 71

Мемлекеттің экономикалық саясатын жасауға қажетті Қазақстан Республикасының төлем балансын қалыптастыру мен талдау жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру және үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі:

1) 1999 жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген төлем балансы жөніндегі мемлекеттік статистикалық есептің нысандарын б е к і т с і н ;

2) елдің төлем балансы бойынша статистикалық есептің жаңа нысандары қолданысқа енгізілгенге дейін төлем балансы жөніндегі мәліметтерді жинау мен өңдеуді қолданылып жүрген нысандар бойынша жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне, 1999 жылдың II тоқсаны бойынша есептерді қоса алғанда, ақпарат ұсынатын болсын;
3) < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 126 қаулысымен .

1.1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 36-күнге Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) он мәнді цифрлық кодына сәйкес елдер мен тауарлар бөлінісінде кедендік жүк декларацияларының негізінде Қазақстан Республикасы сыртқы сауданың кедендік статистикасын электронды түрде және "Кедендік жүк декларацияларының негізіндегі сыртқы сауда көрсеткіштері" бюллетенін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұ с ы н с ы н ;

2) тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 25-күнге ТМД аймағын бөліп көрсете отырып, есепті тоқсан үшін экспорт пен импорттың жиынтық көлемдері жөніндегі деректерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынсын;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының кеден ісі саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірлескен құқықтық кесімінде айтылатын тізбеге, форматтарға және мерзімдерге сәйкес сыртқы сауда кедендік статистикасының іріктелген көрсеткіштері бойынша деректерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне ұсынсын.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 126 , өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.01.13. N 38 , 2007.10.31. N 1018 қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі және Қаржы министрлігі елдің төлем балансы көрсеткіштерінің жылдық, орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік болжамды бағасын ж а с а у ғ а қ а т ы с с ы н . < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 126 , 2007.10.31 . N 1018 қаулыларымен.

3. Министрліктер, агенттіктер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар:

1) елдің төлем балансы бойынша бекітілген нысандарға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігіне, 1999 жылдың II тоқсаны бойынша есептерді қоса алғанда-статистикалық есеп, ал 1999 жылдың III тоқсаны бойынша есептерден бастап Ұлттық Банкке статистикалық есеп беретін болсын;

2) өз құзыреттеріне сәйкес елдің төлем балансының жекелеген көрсеткіштері бойынша бір жолғы іріктемелі зерттеулер жүргізуге қатысатын болсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының төлем балансын әзірлеудің және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне ұсынудың мерзімдері туралы ұсынысына келісім берілсін:

1) есептік төлем балансын алдын ала бағалау - есепті кезеңінен кейінгі 30-ші күні;

2) есептік төлем балансы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жыл сайын бекітілетін статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленетін мерзімдерге с ә й к е с .

3) (алынып тасталды - 2007.10.31. N 1018)

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.31. N 1018 Қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау туралы" 1997 жылғы 25 сәуірдегі N 659 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 17, 150-құжат) күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі